

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау  
министрлігінің Қоғамдық кеңесі отырысының  
хаттамасы**

Астана қ.

№ 57

2018 жылғы 19 наурыз

**Қатысқандар:** Қоғамдық кеңес мүшелері, шақырылғандар – Еңбекмині орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары (тізім бойынша)

**Күн тәртібі:**

**1. Әлеуметтік-еңбек саласы мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің  
төрағасын қайта сайлау**

*(Г.А. Жұмагелдиева, Қоғамдық кеңес мүшелері)*

1. Қоғамдық кеңес мүшелерінің талқылауының және дауыс беруінің нәтижесі бойынша Аслан Жұмағалиұлы Қаржаубаев бірауыздан Қоғамдық кеңестің төрағасы болып сайланды.

**2. Әлеуметтік-еңбек саласы мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің  
2017 жылғы қызметі туралы есеп**

*(Г.А. Жұмагелдиева, А.Ж. Қаржаубаев, Қоғамдық кеңес мүшелері)*

1. Қоғамдық кеңес 2017 жылғы қызметтің нәтижесі бойынша Қоғамдық кеңес төрағасының есебін тындап, қабылдады.

**3. Әлеуметтік-еңбек саласы мәселелері бойынша қоғамдық кеңестің  
2018 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту**

*(А.Ж. Қаржаубаев, Қоғамдық кеңес мүшелері)*

1. Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспарына ағымдағы жылғы сәуірге зейнетақымен қамсыздандыруда, мүгедек адамдардың құқықтарын қорғау бойынша жаңа тетіктерді енгізуге дайындық мәселелерін қосумен Қоғамдық кеңес мақұлдады (қоса беріледі).

**4. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі  
әзірлеген нормативтік құқықтық актілер жобаларын талқылау**

*(А. Ниязов, Ә.У. Шаймерденова)*

1. Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының Қоғамдық кеңес отырысына келісілуге енгізілген нормативтік құқықтық актілер жобалары бойынша ақпараты назарға алынсын.

2. Министрліктің мына нормативтік құқықтық актілері келісілген деп саналсын:

1) «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі бұйрығының жобасы;

2) «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жұмысын бағалау әдістемесін

бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 4 тамыздағы № 236 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі бұйрығының жобасы.


## 5. Басқалар

*(А.Ж. Қаржаубаев, С.Б. Омарова, А.Ә. Сарбасов)*

1. А.Ж. Қаржаубаев Қоғамдық кеңес төрағасы болып сайлануына байланысты күн тәртібіне әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша комиссия төрағасын сайлау мәселесі шығарылды.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің талқылауының және дауын беруінің нәтижесінде әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша комиссия төрағасы болып бірауыздан Гүлнар Амангелдіқызы Жұмагелдиева тағайындалды.

Төраға



А. Қаржаубаев

Хатшы



С. Омарова

Қоғамдық кеңестің  
2018 жылғы 19 наурыздағы  
отырысында қабылданды

Әлеуметтік-еңбек саласы мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңестің 2018 жылға арналған  
жұмыс жоспары

| Р/с<br>№ | Іс-шара атауы  | Орындалу мерзімі  |
|----------|--|---|
| 1        | 2017 жылғы қызмет бойынша есеп және 2018 жылға арналған жұмыс жоспарын қабылдау  | 1 тоқсан  |
| 2        | Бюджеттік бағдарламалардың және Министрліктің Стратегиялық жоспарына өзгерістер енгізу жобаларын талқылау  | республикалық бюджетті нақтылау және қалыптастыру кезінде |
| 3        | Министрліктің құрылымдық бөлімшелерін зейнетақымен қамсыздандыруда, мүгедек адамдардың құқықтарын қорғау бойынша жаңа тетіктерді енгізуге дайындық мәселелері бойынша тыңдау                     | 2018 жылғы сәуір  |
| 4        | Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік басқаруды жетілдіру және қызметтік әдеп нормаларын сақтауды қоса алғанда Министрлік жұмысының ашықтығын ұйымдастыру мәселелері бойынша өтінімдерін қарау | жартыжылдық бойынша                                       |
| 5        | Қоғамдық кеңестің қызметі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында және (немесе) Министрліктің интернет-ресурсында жариялау   | жартыжылдық бойынша                                       |
| 6        | Азаматтардың құқықтарына, бостандығы мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатысу   | қажеттілік бойынша  |
| 7        | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы жұмыстың қорытындысы туралы есебін тыңдау  | 2018 жылғы маусым   |
| 8        | Әлеуметтік-еңбек саласы мәселелері жөніндегі сарапшылар тобын қалыптастыру   | 2018 жылғы маусым   |
| 9        | Заңдарға, үкіметтік бағдарламаға өзгерістер енгізу   | қажеттілік бойынша  |

|    |   |                                      |
|----|---|--------------------------------------|
|    | бойынша жобаларды талқылау  |                                      |
| 10 | Қоғамдық кеңестің отырыстарын өткізу  | тоқсан сайын                         |
| 11 | Әлеуметтік-еңбек саласы мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің қызметі туралы халықты хабардар ету  | тоқсан сайын                         |
| 12 | Қоғамдық кеңес мүшелерінің алқа отырыстарына, отырыстарға, жиналыстарға қатысуы арқылы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қызметіне қоғамдық мониторинг жүргізу | жыл бойы                             |
| 13 | Комиссия төрағаларының жүргізілген жұмыс, жеке және заңды тұлғалардың өтінімдеріне талдау туралы есептерін дайындау және тындау   | ҚК отырыстарында жартыжылдық бойынша |
| 14 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қызметтік әдеп нормаларын сақтаудағы мемлекеттік органдардың жұмыс нәтижесі  | 2018 жылғы тамыз                     |